

Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 340 "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 52 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 сәуірде № 5068 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 14.02.2017 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 340 "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4301 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 ақпандағы аудандық № 6 "Ауыл тынысы" және № 6 "Пульс села" газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережедегі:

20-тармағының 17-тармақшасы алынып тасталсын;

36-тармағының 20-тармақшасы алынып тасталсын.

2. "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамамен белгіленген тәртіпте Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына міндеттелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК